КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 26 шілде № 7119-23-00-2/7509 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Айбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айдаралы Айбек Ерназарұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Айбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айдаралы Айбек Ерназарұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Айбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айдаралы Айбек Ерназарұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Искалиева А. С., 26.07.2023

Дата вступления в законную силу: 04.09.2023, судья Искалиева А. С., 04.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Айбек» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айдаралы Айбек Ерназарұлынан жергілікті бюджеттің пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 26.07.2023

Дата вступления в законную силу: 04.09.2023, судья Искалиева А. С., 04.09.2023

7119-23-3-1/7241